

Кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін төмендетуге бағытталған шараларды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 16 тамыздағы № 602 қаулысы.

«Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-1-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін төмендетуге бағытталған шаралар бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 16 тамыздағы
№ 602 қаулысымен
бекітілген

Кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың тәуекелдерін төмендетуге бағытталған іс-шаралар

Ескерту. Ис-шараларға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 26.02.2021 № 98 қаулысымен.

P/c №	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5
1.	Ойын бизнесін ұйымдастырушыларға қатысты Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасының, оның ішінде ҚКЗ/ТҚ туралы заң талаптарының сақталуына бақылау іс-шараларын жүргізу	бірлескен іс-шаралар, МСМ хаттамалары	2019 жыл бойы	МСМ, Қаржымині
2.	Ойын бизнесінде ҚКЗ/ТҚ саласында тиімді бақылау жүргізу үшін тәуекелге бағытталған тәсілді қолдану	бірлескен іс-шаралар	2019 жыл бойы	МСМ, Қаржымині
3.	Ойын бизнесін ұйымдастырушылардың ҚКЗ/ТҚ туралы заңды тиісінше орындау мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу	бірлескен іс-шаралар, МСМ хаттамалары	2019 жыл бойы	МСМ, Қаржымині
				Қаржымині, мұдделі мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар (келіс)

		типовиялар мен схемалар	2021 жылға дейін жыл сайын	бойынша) және қаржы мониторингі субъектілері (келісу бойынша)
4.	Қылмыстық кірістерді зандастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру типологияларын, схемалары мен тәсілдерін әзірлеу			
5.	ҚКЗ/ТҚ саласындағы өзекті үрдістерге байланысты әдістемелік құралдарды немесе ұсынымдарды халықаралық ұйымдармен және ҚКЗ/ТҚ катысушыларымен бірлесіп әзірлеу	әдістемелік құрал, ұсынымдар	2021 жылға дейін жыл сайын	Қаржымині, халықаралық ұйымдар және ҚКЗ/ТҚ катысушылары (келісу бойынша)
6.	«Терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесіне енгізілген жеке тұлғага өзінің тіршілік-тынысын қамтамасыз етуі үшін қаражат төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 613 бұйрығына терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесіне енгізілген тұлғалардың әлеуметтік құқықтарын қорғауға бағытталған толықтырулар енгізу	бұйрық	2020 жылғы 2-тоқсан	Қаржымині, БП (келісу бойынша), ҰҚҚ (келісу бойынша), СҚА (келісу бойынша), IIM
7.	Бухгалтерлік есеп саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын бухгалтерлік ұйымдар мен кәсіби бухгалтерлерге және аудиторлық ұйымдарға қатысты ҚКЗ/ТҚ аясындағы бақылау саласындағы тәуекелге бағдарланған тәсілді колдану ерекшеліктерін ескере отырып, бухгалтерлік есеп және аудит саласындағы уәкілдепті органдардың бақылау функцияларын жүзеге асыру жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу	бұйрық	2020 жылғы 2-тоқсан	Қаржымині
8.	Банктік емес айырбастау пункттерінің, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың, микрокаржы ұйымдарының және төлеу ұйымдарының осы субъектілердің ҚКЗ/ТҚ бойынша заңнаманы орындауына бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органға ҚКЗ/ТҚ мақсатында шараларды қолдануға қатысты талаптарды орындау туралы есепті (жарты жылда 1 рет) ұсынуы туралы талап енгізу	Басқарма қаулысы	2020 жылғы 2-тоқсан	ҰБ (келісу бойынша), Қаржымині, ҚҚҚ (келісу бойынша)
9.	Каржы мониторингі бойынша уәкілдепті органмен, сондай-ақ арнайы және құқық қорғау органдарымен бірге коммерциялық емес ұйымдар тарапынан ҚКЗ/ТҚ саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы іс-кимыл бойынша жұмысты ұйымдастыру	бірлескен іс-шаралар	2020 жылғы 3-тоқсан	Қаржымині, ҰҚҚ (келісу бойынша), IIM
10.	ҚКЗ/ТҚ-ға қатысты жеке және занды тұлғаларды одан әрі қарай салыстыру үшін күдікті операцияларды анықтау мақсатында КЖ/ТҚ тәуекелінің жоғары деңгейі бар коммерциялық емес ұйымдарға қаржы мониторингін ұйымдастыру	тізілім	2020 жылғы 3-тоқсан	Қаржымині
11.	«Тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы» № 1-М есеп нысанын және оны қалыптастыру жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Bas Прокурорының 2019 жылғы 24 сәуірдегі № 29	бұйрық	2021 жылғы 2-тоқсан	БП (келісу бойынша), ҰҚҚ (келісу бойынша), СҚА (

	бұйрығына предикаттық қылмыс жасау нәтижесінде алынған кірістер туралы мәліметтерді көрсету бөлігінде өзгерістер енгізу			келісу бойынша), ҚМА, ПМ
12.	«Стандартты жедел іс-әрекеттерді» сипаттай отырып, кірістерді жылыстату бойынша іс қозғау жағдайларын коса алғанда, экономикалық тергеу жүргізу бойынша тереуешілер үшін нұсқаулық (ұсынымдар) әзірлеу	ұсыным	2021 жылғы 4-тоқсан	БП (келісу бойынша), ҚМА, ҰҚҚ (келісу бойынша)
13.	Қылмыстарды тергеу кезінде қаржы мониторингінің мүмкіндіктерін тиімді пайдалану үшін қаржы мониторингі жөніндегі үекілетті органның, ҚКО, АрМО өзара іс-қымыл тетігін айқындау	бірлескен бұйрық	2021 жылғы 4-тоқсан	ҚМА, БП (келісу бойынша), ҰҚҚ (келісу бойынша)
14.	ҚКЗ/ТҚ туралы заңнаманың сақталуын мемлекеттік органдардың бақылау функцияларын жетілдіру	заң жобасының тұжырымдамасы	2021 жылғы 4-тоқсан	ҚМА, ҚРБҚ (келісу бойынша)
15.	Жеке кәсіпкер ретінде тіркеу рәсімінен өту кезінде Е-лицензиялау ақпараттық жүйесінде ҚКЗ/ТҚ туралы Занының 3-бабының 3-тармағына сәйкес қызметтің басталғаны/тоқтатылғаны туралы хабарламаны автоматты түрде жіберуге жауап беретін компонентті енгізу мәселесін пысықтау	техникалық құжат, хабарламаларды қабылдау және жеке кәсіпкер ретінде тіркеу жүйелерін модификациялау	2021 жылғы 4-тоқсан	ҚМА, ҰӘМ, ЦДИАӨМ
16.	ҚКЗ/ТҚ саласында ҚМС бақылау жүргізу кезінде мұдделі мемлекеттік органдардың тәуекелге бағытталған тәсілді енгізуі	бұйрық (Басқарма қаулысы)	2021 жылғы 4-тоқсан	Мұдделі мемлекеттік органдар

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

- АрМО - арнаулы мемлекеттік орган
- БП - Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы
- ПМ - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
- ҚЖ/ТҚ - кірістерді жылыстату/терроризмді қаржыландыру
- ҚКЗ/ТҚ - қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қымыл
- «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қымыл туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заны
- Қаржымині - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
- ҚҚҚ - «Қазақстанның қаржыгерлері қауымдастыры» заңды тұлғалар бірлестігі
- ҚКО - құқық қорғау органды
- ҚМС - қаржы мониторингі субъектісі
- ҚРБҚ - «Қазақстанның риэлторларының біріккен қауымдастыры» заңды тұлғалар бірлестігі
- МСМ - Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі
- СҚА - Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет)
- ҰБ - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
- ҰҚҚ - Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті
- ҰӘМ - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі

ЦДИАӨМ

- Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

ҚМА

- Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК